

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының Шолақаңқаты ауылдық округінің Сегізүй, Жосалы ауылдық округінің Кеңашы, Былқылдақ, Бұлдырты ауылдық округінің Жарқамыс, Сарой ауылдық округінің Қызылтан, Жаңақоңыс, Жетікөл ауылдық округінің Ағоба, Қарақұдық елді мекендерін тарату туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 351 және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 16-4 бірлескен қаулысы мен шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 20 желтоқсанда № 7467-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 11-бабы 3) тармақшасына сәйкес, Сырым ауданының өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сырым ауданы Шолақаңқаты ауылдық округінің Сегізүй елді мекені оның аумағы Сырым ауданы Шолақаңқаты ауылдық округінің Тоғанас ауылының құрамына енгізіле отырып, таратылсын.

2. Сырым ауданы Жосалы ауылдық округінің Кеңашы, Былқылдақ елді мекендерінің олардың аумақтары Сырым ауданы Жосалы ауылдық округінің Қоңыр ауылының құрамына енгізіле отырып, таратылсын.

3. Сырым ауданы Бұлдырты ауылдық округінің Жарқамыс елді мекені оның аумағы Сырым ауданы Бұлдырты ауылдық округінің Бұлдырты ауылының құрамына енгізіле отырып, таратылсын.

4. Сырым ауданы Сарой ауылдық округінің Қызылтан елді мекені оның аумағы Сырым ауданы Сарой ауылдық округінің Шағырлой ауылының құрамына, Сырым ауданы Сарой ауылдық округінің Жаңақоңыс елді мекені оның аумағы Сырым ауданы Сарой ауылдық округінің Қездіғара ауылының құрамына енгізіле отырып, таратылсын.

5. Сырым ауданы Жетікөл ауылдық округінің Ағоба, Қарақұдық елді мекендерінің олардың аумақтары Сырым ауданы Жетікөл ауылдық округінің Қосарал ауылының құрамына енгізіле отырып, таратылсын.

6. Батыс Қазақстан облыстық мәслихат аппаратының басшысы осы бірлескен қаулы және шешімнің Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

7. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК